МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ МҰНАЙЛЫ АУДАНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БӨЛІМІНІҢ «ШОҒЫ МҰҢАЛҰЛЫ АТЫНДАҒЫ №5 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕП» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

«Мектеп пен отбасы – бала болашағы үшін біртұтас тәрбие кеңістігі»

ата-аналар жиналысының

ХАТТАМАСЫ №1

11.09.2026ж. Маңғыстау ауылы

Күн тәртібі:

Жиналыс төрағасы мектеп директоры: Ж. Бөкен
Қатысқандар:
Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары: Т.Бустанова, Г.Рахметова;
Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары: А.Исмагулова;
Сынып жетекшілер:85;
Мектеп психологтары: 2;
Ата-аналар: 348.

Күн тәртібі:

1. 2026-2027 оқу жылындағы "Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы, мектептің ішкі тәртіп ережесі: сабаққа келу, мектеп формасы, телефон, бала қауіпсіздігі: Жол ережесі.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бустанова

2. Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру

Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулова

Мектеп директоры Ж.С.Бөкен – Оқу тәрбие процесін ұйымдастырудағы негізгі басымдықтар – білім алушылардың әл-ауқатын қамтамасыз ету, баланың жеке басына құрмет пен сенім, балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамассыз ету. Тәрбие жұмысы «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы негізінде жүзеге асырылады. Бағдарлама жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтар негізінде адал азаматты тәрбиелеуді көздейді. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының құндылықтары: тәуелсіздік және отаншылдық, бірлік және ынтымақ, әділдік және жауапкершілік, заң және тәртіп, еңбеккорлық және кәсіби біліктілік, жасампаздық және жаңашылдық. Бұл құндылықтар «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасының негізіне айналады. 2026-2027 оқу жылында білім беру ұйымдарында тәрбие жұмысы осы бағдарламаның негізгі

ережелеріне сәйкес ұйымдастырылатын болады. Сынып жетекшілер сынып сағаттарының тақырыбын таңдауда және сынып сағаттарының мазмұнын әзірлеуде білім алушылардың жас ерекшелігін, олардың қызығушылықтары мен қажеттіліктерін және өңірдің сұранысын ескереді.

1. Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Т.Бустанова **сөзі:**

Құрметті ата-аналар! Жаңа 2026–2027 оқу жылында мектеп пен ата-ана арасындағы ынтымақтастықты нығайту, оқушылардың құқықтық мәдениетін, жауапкершілігін және қауіпсіз мінез-құлқын қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Аталған оқу жылында оқушылардың құқықтық мәдениетін арттыруға көңіл бөлінеді. 5–7-сыныптарда «Конституция негіздері», 8–11-сыныптарда «Заң және тәртіп» курстары қарастырылған. Сонымен қатар «Жеке қауіпсіздік» бағыты балалардың түрлі жағдайда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Әр оқушы мектептің ішкі тәртіп ережесін сақтауға міндетті.

Сабаққа келу тәртібі:

Мектепке сабақ басталғанға дейін уақытында келу;
сабаққа қажетті оқу құралдарын толық алып келу;
себепсіз сабақ босатпау;
сабақ кезінде мұғалімнің түсіндіруін мұқият тыңдау;
мектептің тазалығы мен мүлкіне ұқыпты қарау;
мұғалімдерге, қызметкерлерге және басқа оқушыларға құрметпен қарау;
сабаққа кешіккен жағдайда мектептің белгіленген тәртібін сақтау.

Ата-аналар баланың сабаққа уақытылы келуін және сабаққа қатысуын тұрақты бақылауы қажет.

Мектеп формасы

2026–2027 оқу жылында мектеп формасына қойылатын талаптар сақталады.

Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді. Форма классикалық стильде, бірыңғай және ұстамды түстер үйлесімінде болуы тиіс.

Оқушылар:

мектеп белгілеген форма үлгісін сақтауы;
таза әрі ұқыпты киінуі;
сабаққа сәйкес спорттық форманы тек дене шынықтыру сабақтарында пайдалануы; қауіпсіздікке кедергі келтіретін немесе жарақатқа себеп болуы мүмкін аксессуарларды қолданбауы қажет.

Мектеп формасының нақты үлгісі мектептің ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі және өзін-өзі басқару органдарының қатысуымен белгіленеді. Ата-аналар форманы өндірушіні және сатып алу орнын өздері таңдауға құқылы.

Ұялы телефонды пайдалану

Оқушы мектепке ұялы телефон алып келе алады, алайда сабақ барысында телефонды пайдалануға болмайды.

Сабақ кезінде:

телефон дыбыссыз режимде болуы;
сөмкеде немесе мектеп белгілеген арнайы орында сақталуы;
мұғалімнің рұқсатынсыз сабақ үстінде пайдаланылмауы қажет.

Телефонды оқу мақсатына байланысты немесе төтенше жағдайда пайдалануға рұқсат етілуі мүмкін.
Ата-аналарға баланың телефонды мектепте дұрыс әрі қауіпсіз пайдалануын түсіндіру ұсынылады.
Бала қауіпсіздігі
Баланың қауіпсіздігі – мектеп пен ата-ананың ортақ жауапкершілігі.
Ата-аналар баламен күн сайын оның мектептегі жағдайы, қауіпсіздігі және интернеттегі қарым-қатынасы туралы сөйлесіп отырғаны жөн.
Жол қозғалысы қауіпсіздігі
Оқушы мектепке бararда және қайтарда жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауы тиіс.
Негізгі талаптар:
жолды тек жаяу жүргіншілер өткелімен кесіп өту;
бағдаршамның рұқсат беретін белгісін күту;
жолдан өтер алдында екі жаққа мұқият қарау;
көліктің алдынан немесе артынан жүгіріп шықпау;
жол жиегінде ойнамау;
көлік ішінде қауіпсіздік белдігін тағу;
велосипед, самокат және басқа қозғалыс құралдарын пайдаланғанда қауіпсіздік талаптарын сақтау;
қараңғы уақытта жарық шағылыстырғыш элементтері бар киім немесе аксессуар қолдану.
Әсіресе бастауыш сынып оқушыларының мектепке бару және қайту жолындағы қауіпсіздігі ата-аналардың тұрақты бақылауында болуы қажет.
Қорытынды
Мектептегі тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау – тек мұғалімнің емес, оқушы, ата-ана және мектеп ұжымының ортақ міндеті.
Біздің ортақ мақсатымыз – қауіпсіз, тәртіпті, білімге құштар, адал еңбек ететін және өз ісіне жауапты тұлға тәрбиелеу.
«Адал азамат» бағдарламасының негізгі құндылықтарын күнделікті өмірде сақтау арқылы әр оқушы мектептің ғана емес, қоғамның жауапты мүшесі бола алады.
2. Директордың оқу жұмысы жөніндегі орынбасары А.А.Исмагулованың баяндамасы: Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру.
Мақсаты:
Оқушылардың бойында ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру арқылы олардың оқу мотивациясын, жауапкершілігін, өзіндік көзқарасын және білім сапасын арттыруға бағытталған үйлесімді білім беру-тәрбие процесін ұйымдастыру.
Құндылықтарға негізделген білім беру ортасын қалыптастыру:
сыйластық, ынтымақ, еңбеккерлік, жауапкершілік, адалдық сияқты құндылықтарды оқу процесіне кіріктіру; мектептің тәрбие тұжырымдамасымен сабақтастыру.
Оқу мотивациясын арттыру:

жеке оқу мақсаттарын анықтауға жағдай жасау; қызықты әдістер мен белсенді оқу формаларын (топтық, зерттеу, жобалық жұмыс) қолдану.
Функционалдық сауаттылықты дамыту:
алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдануға үйрету;
сыни ойлау, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру.
Оқушының тұлғалық дамуына жағдай жасау:
өзін-өзі тану, өзіндік реттеу, көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру;
эмоционалдық интеллектіні дамыту.
Білім сапасын арттыру тетіктері:
қалыптастырушы бағалауды жүйелі қолдану; саралап оқыту;
оқу жетістіктерін үнемі талдап, кері байланыс беру.
Күтілетін нәтижелер:
Оқушы құндылықтарды күнделікті әрекеттерінде қолданады.
Оқу процесіне қызығушылық артып, жауапкершілік қалыптасады. Білім сапасы тұрақты өседі. Оқушыларда тәртіп, қарым-қатынас мәдениеті, өз пікірін дәлелдеп айту дағдысы дамиды. Мектеп пен сыныпта жағымды психологиялық ахуал орнығады.

ШЕШІМ ЕТТІ

1. Оқушылардың «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы аясындағы тәрбие жұмыстарына белсенді қатысуы қамтамасыз етілсін.

- Ата-аналар балалардың сабаққа уақытылы келуін және сабаққа тұрақты қатысуын бақылауға алсын.
- Оқушылардың мектептің ішкі тәртіп ережелерін сақтауына ата-аналар тарапынан қолдау көрсетілсін.
- Оқушылардың мектеп формасына қойылатын талаптарды сақтауына назар аударылсын.
- Сабақ кезінде ұялы телефонды пайдаланбау тәртібі ата-аналарға түсіндіріліп, үйде де бақылау жүргізілсін.
- Балалардың жол қозғалысы ережелерін сақтауына ата-аналар тарапынан тұрақты түсіндіру жұмыстары жүргізілсін.

2. Оқушылар бойына құндылықтарды қалыптастыра отырып, білім сапасын арттыру күшейтілсін. Сынып жетекшілер сыныбының білім сапа көрсеткішін басты назарда ұстасын.

Төраға: **Ж. Бөкен**

Хатшы: **Т.Бустанова**